«БЕКІТІЛГЕН»
М. Әуезов атындағы ОҚУ
ҒЖжИ жөніндегі проректор
________ Сулейменов У. С.
«____» ______ 2024ж.

# ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

## М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті

## ЕРЕЖЕ

М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті 2024 жылдың 25-26 сәуірінде Қазақстан Республикасы Ғылым және Жоғары Білім министрлігі бекіткен іс-шаралар шеңберінде 6В01450-Кәсіптік оқыту білім беру бағдарламасы бойынша жоғары оқу орындары студенттерінің **«Кәсіптік білім берудегі интеграциялық процестер»** тақырыбында XVI Республикалық пәндік олимпиада өткізеді. Жоғары оқу орындарынан пәндік олимпиадаға 6В01450-“Кәсіптік оқыту” білім беру бағдарламасы бойынша 3 және 4 курстан 4 студентке дейін қатыса алады.

Олимпиаданың жұмыс тілі: қазақша және орысша.

**I кезең** – теориялық, тестілеу 25 сәуір сағат 10.00 де, 30 сұраққа 30 минут уақыт бөлінеді;

“Кәсіптік оқыту әдістемесі” пәндері бойынша жалпы көлемі 200 сұрақтан тұрады, әр қатысушы 30 сұраққа жауап береді және нәтижесі 30 балмен бағаланады.

**II кезең** – практикалық тапсырмаларды орындау 25 сәуір сағат $14.^{00}$-$16.^{30}$ дейін;

Практикалық тапсырмаларды орындауға жауапты комиссияның бақылауымен 3 сағат бөлінеді, орындалған жұмысты жеке шеберханада көрсетеді;

Олимпиаданың бұл кезеңі қатысушылары төмендегі тапсырмалардың біреуін орындайды:

1. **«Тігін бұйымдарын құрастыру» бойынша киім бөлшектерінің сызбаларын құру.**
2. **«Тігін бұйымдарының технологиясы» бойынша бұйым тігу.**
3. **Кілемтоқу.**
4. **Сәндік панно (фелтинг технологиясы, фетр және жүн материалдары).**
5. **Ағашбұйымдарынөңдеу.**
6. **Темірді механикалық өңдеу.**
7. **Ауылшаруашылық техникасы.**
8. **Электротехника, электроника және автоматтандыру.**

Таңдалған бағыт бойынша тапсырманы орындауда жұмыстың технологиялық реттілігін сақтап, материалдың қасиетін ескеріп, жұмыстың сапалы орындалуына мән беріп, бөлшекті орындау барысында қауіпсіздік техникасы ережелері туралы білімдерін көрсетуі қажет. Яғни, аталған тапсырмалар бойынша студенттің теориялық игерген білімдері негізінде практикалық іскерліктері мен дағдыларын анықтауды көздейді. Екінші кезең, 50 баллмен бағаланады.

**III кезең** – ғылыми жобаны қорғау 26 сәуір сағат $10.^{00}$-$13.^{00}$ аралығында жауапты комиссияның қабылдауымен өткізіледі.

Ғылыми жобаны қорғау тікелей оффлайн режимде арнайы комиссия мүшелерінің қабылдауымен жүргізіледі және комиссия мүшелерінің дауыс беруі арқылы ең жоғары дегенде 20 баллмен бағаланады. 2023 ж. 26 сәуір сағат $16.^{00}$. – Республикалық пәндік олимпиаданың жабылуы, жеңімпаздарды марапаттау.

Олимпиадаға қатысуға өтініш беру үшін командалар тіркеліп, ұйымдастыру комитетінің **kasiptik.oqyty@mail.ru** электрондық поштасына 2024 жылдың 20 сәуіріне дейін келесі құжаттарды жіберулері керек:

- олимпиадаға қатысу үшін ректордың (проректордың) қолы қойылған сканерленген ілеспе хаты;

- сканерленген (Word) өтінім (1-қосымшаны қараңыз);

- қатысушының сканерленген жеке куәлігі/паспорты;

**III кезең** бойынша жоба материалдары да жүктеледі.

Осыдан кейін енгізілген деректерді өзгерту уақыты шектеулі.

Ұйымдастыру комитетінің мекен-жайы:

**Шымкент қаласы, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Байтұрсынов көшесі н/үй, 7 ғимарат, "Бейнелеу өнері, технология және музыкалық білім" кафедрасы, 207 каб.**

**Өтілетін аудиториялар: 100, 102, 103, 104, 107, 236**

**Ұйымдастыру комитеті:**

**Нұрманбетов Қайрат Еңбекшіұлы-** Бірінші проректор

**Тәңірбергенов Медеубек Жұматайұлы** – Мәдениет және өнер факультетінің деканы

**Жолдасбекова Сауле Абдразаховна** - "Бейнелеу өнері, технология және музыкалық білім" кафедрасының меңгерушісі

**Ұйымдастыру комитетінің мүшелері:**

**Камалов Юсубалы Назымович-** педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор

**Бейсенбеков Жалғасбек Жаппарбекович-** педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент

**Бакирова Гульмира Абилпатташқызы -** педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент

**Байзахова Сапаркуль Шадиевна** – магистр, аға оқытушы

**Байланыс телефоны**

**Ұялы тел.:** 87016706935, 87075094929

**e-mail:** kasiptik.oqyty@mail.ru

Құрастырушы:

«**Мәдениет және өнер**» факультетінің деканы: Тәңірбергенов М. Ж.

«**Бейнелеу өнері, технология және музыкалық білім**» кафедрасының меңгерушісі: Жолдасбекова С. А.

«**Мәдениет және өнер**» факультетінің СҒЗЖ жауапты: Байзахова С. Ш.